



ҚАЗАҚСТАН ҰЛТТЫҚ БАНКІ



ИНФЛЯЦИЯЛЫҚ КҮТУЛЕР


ҚАРАША 2024

Алдағы 12 айдағы халықтың инфляциялық күтулері әлі де құбылмалы: 2024 жылғы қарашада көрсеткіш қайтадан 14,1%-ға дейін өсті. Соңғы айларда инфляциялық күтулер теңгенің номиналды айырбас бағамының өзгеруі және жылдық инфляцияның баяулау қарқынының тұрақтылығы төмендеуі аясында қалыптасып отыр. Бұл өз кезегінде халық күткен инфляцияның тегістелген көрсеткішінің тұрақтануына әсер етеді. Сонымен қатар, елдің даму перспективалары мен жеке материалдық жағдайға қатысты бағалаулардың төмендеуі есебінен тұтыну көңіл-күйі нашарлап отыр.

Халықтың инфляциялық күтулері

2024 жылғы қарашада 1 жылдан кейін күтілетін инфляцияның медианалық мәні¹ 14,1%-ға дейін өсті (2024 жылғы қазанда – 12,5%) (1-график). Сонымен қатар, соңғы 12 айда сезілген инфляцияның медианалық мәні 13%-ға дейін өсті (12,7%).

1-график. Инфляция және оны бағалаудың медианалық мәні, %




Дереккөз: Халықтан алынған сауалнама нәтижелері, FusionLab, ҚР СЖРА ҰСБ


2024 жылғы қарашада азық-түлік тауарлар өскенін атап өткен респонденттердің үлесі 68,2%-ға өсті (2024 жылғы қазанда – 64,6%). Сонымен бірге, азық-түлік емес тауарлардың бағасының өсуін атап өткендердің үлесі 13,4%-ға дейін (17,3%) төмендеді.

2024 жылғы қарашада респонденттердің басым көпшілігі азық-түлік өнімдерінен – жеміс-жидек пен көкөніс, ет және сүт өнімдері бағасының өскенін атап өтті. Азық-түлік емес тауарлар құрылымында халық дәрі-дәрмек, киім мен аяқкиім, тұрмыстық химия қымбаттағанын көрсетті. Ақылы қызметтер арасында респонденттер тұрғын үй-коммуналдық қызмет, медициналық қызмет, интернет пен ұялы байланыс қызметі бағасы өскенін жеткізді (2-график).

2-график. Жиі аталатын тауар мен қызмет түрлері



Азық-түлік емес тауар мен қызмет түрлері




Дереккөз: Халықтан алынған сауалнама нәтижелері, FusionLab

Халықтың тұтыну көңіл-күйлері

2024 жылдың қараша айында тұтыну көңіл-күйінің индексі 111-ге дейін төмендеді (2024 жылғы қазан – 114,7) (3,4,5-графиктер). Алдағы 5 жылға елдің даму перспективаларын бағалау 5,2 пунктке төмендеп, 101,8-ге жетті. Сонымен қатар, жеке материалдық жағдайдың алдағы бір жылдағы өзгеруін бағалау 3,7 пунктке төмендеп, 121,5-ке түсті.


Сондай-ақ, қазіргі жағдайды бағалауда соңғы жылы жеке материалдық жағдай көрсеткіші 5,3 пунктке төмендеп, 99,3-ке жетті. Ал қомақты қаржыға сауда жасауға дайын болу 8,9 пунктке төмендеп, 103,5 болды.

3-график. Тұтыну көңіл-күйі индексі²




Дереккөз: Халықтан алынған сауалнама нәтижелері, FusionLab

4-график. Күтулерді бағалау



5-график. Қазіргі жағдайды бағалау



Дереккөз: Халықтан алынған сауалнама нәтижелері, FusionLab

ЕСКЕРТУЛЕР

¹ 2022 жылғы қаңтардағы инфляциялық күтулерді сандық бағалау/медианалық бағалау жарияланған жоқ, себебі 2022 жылғы қаңтардағы сауалнама нәтижелеріне қаңтарда елде болған оқиғалар әсер етті, бұл респонденттердің аз болуына және алдыңғы деректерден алшақтауына әкелді.

Сезілетін инфляцияның медианалық бағалауы мына сұрақ негізінде есептелген: Сіздің ойыңызша, соңғы 12 айда тауарлар мен қызметтердің бағасы қаншаға өсті? Күтілетін инфляцияның медианалық бағалауы мына сұрақ нәтижелері негізінде есептелген: Сіздің ойыңызша, келесі 12 айда тауарлар мен қызметтердің бағасы қаншаға өседі?

² Тұтыну көңіл-күйі индексі: жеке индекстердің орташа мәні:

- кейінгі жылдағы жеке материалдық жағдайдың өзгеруі;
- алдыңғы жылдағы жеке материалдық жағдайдың өзгеруі;
- алдыңғы жылдағы елдің даму перспективалары;
- алдыңғы 5 жылдағы елдің даму перспективалары;
- қомақты сауда жасау.

Қазіргі жағдай индексі: жеке индекстердің орташа мәні:

- кейінгі бір жылда жеке материалдық жағдайдың өзгеруі;
- қомақты сауда жасау индексі.

Тұтынушылық күтулер индексі: жеке индекстердің орташа мәні;

- алдағы жылдағы жеке материалдық жағдайдың өзгеруі;
- алдағы жылдағы елдің даму перспективалары;
- алдағы 5 жылдағы елдің даму перспективалары.

Сандық мән оң және теріс жауаптардың +100 арасындағы айырмашылығы ретінде есептелетін жауаптардың балансы. Индекс мәні 0-ден 200-ге дейін өзгеруі мүмкін. 100-ден жоғары мән – оң мәндердің, 100-ден төмен – теріс мәндердің басым екенін білдіреді.